



010011, Astana qalasy, Jelis daryly, 62-ii  
tel.: (717-2) 393-918, faks: (717-2) 316-072  
e-mail: office@kazatu.kz, www.kazatu.kz

11.10.2022 № 3023/1.2.184

010011, Astana city, 62, Zheen avenue  
tel.: (717-2) 393-918, fax: (717-2) 316-072  
e-mail: office@kazatu.kz, www.kazatu.kz

**«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-  
техникалық сараптама  
орталығы» АҚ Президенті  
А.Ж. Ибраевқа**

050026, Алматы қ., Бөгенбай батыр  
кошесі, 221 тел.: +7 (727) 3780509

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 17 тамыздағы № 346 бүйрығына сәйкес 6D012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша Парманкулова Перизат Жаксылыковнаның «Дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясы Білім беру, психология және когнитивтік ғылымдар бойынша сараптау кеңесінің корытындысы (2022 жыл «15» тамыз № 8 хаттама) негізінде 4 пункт бойынша пысықталды.

Пысықталған диссертацияда авторға және дереккөзге сілтемесіз материалды пайдалануын тексеруді және диссертация мәтінін интернет-ресурсында ашық түрде орналастыруды қамтамасыз етуді сұраймыз.

**Ғылыми кеңесшілері:**

Жолдасбекова Сауле Абдразаховна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Кәсіптік оқыту» кафедрасының менгерушісі, «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ;

Асаналиев Мәлс Казыкеевич - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, И.Раззақов атындағы Қыргыз мемлекеттік техникалық университеті, Бішкек қаласы, Қыргыз Республикасы.

Парманкулова Перизат Жаксылыковнаның пысықталған диссертациясы ҚРБілім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетіне 2022 жылғы 17 қазанда жіберіледі.

Басқарма Төрағасының м.а.

И.Т.Токбергенов

Орында: М.Д. Есекешова  
Тел.: 87013671591  
maral-astana@mail.ru

0001063

**Парманкулова Перизат Жаксылыковнаның «Дуальды білім беру жүйесіндегі инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясы  
бойынша жөндеулер**

*Bірінші ескертпе бойынша:* тақырыптың зерттелу аясына орай Ү.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж.Аймауитов, М.Дулатов, Н.Д.Хмель, М.Ә.Құдайқұлов, А.А. Молдажанова, М.Н. Сарыбеков, М.К.Сыдықназаров К.А.Дүйсенбаев, Б.К.Момынбаев, Р.М. Қоянбаев, Б.А.Тұрғынбаева З.Ж.Жаңабаев, Б.А.Мукушев, А.А.Бейсенбаева А.К.Құсайынов, Г.К.Нургалиева, А.Т.Баймұратова, К.Ш.Ахияров Б.Т.Кенжебеков, Г.М.Коджаспирова, Г.Ж.Менлибекова, С.А.Жолдасбекова, А.Саипов, Д.Пошаев, Ю.Н. Камалов, К.М. Беркімбаев, М.Д. Есекешоваңбектеріне талдау жасалып, толықтырыды. Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау теориялық-әдіснамалық негізделді.

*Екінші ескертпе бойынша:* Дуальды білім беру жүйесіндегі инклюзивті оқытудың теориясы мен әдіснамасы Ж.О.Нуржанбаева, И.А. Оралканова, А.К.Оралбекова, А.Б. Дузелбаева, Б.М.Мажинов, А.А.Кабдырова, Д.С.Хамитова, С.Д.Аубакирова, Б.Ж. Альмухамбетова, А.Д.Жомартова, Г.А.Испамбетова, А.А.Сманова, А.А.Кабдырова, Э.А.Айтенова, Ж.Е.Алшынбаева, Н.Д.Тастанбекова, Б.А. Дюсенбаева еңбектеріне жасалған талдаумен толықтырылды.

*Үшінші ескертпе бойынша:* Инклюзивті білім беруді дамытуда Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы ұсынған әдістемелік құралдар мен ұсынымдар тізіміне сілтемелер қойылды.

*Төртінші ескертпе бойынша:* Дуальды білім беру мәселелерін зерделеген диссертациялық жұмыстар жұмыстар мен ҚР БФМ Ғылым комитеті қаржыландырған дуальды білім беру бойынша гранттық ғылыми жобалар, инклюзивті білім беру мәселелерін зерделеген диссертациялық жұмыстар, ҚР БФМ Ғылым комитеті қаржыландырған инклюзивті білім беру бойынша гранттық ғылыми жобаларға толық талдау жасалып, қайта қарастырылды, «Кәсіптік оқыту» мамандығына сәйкес талдау жасалынып, авторлық тұжырым берілді.

**Диссертациялық кеңестің  
төрағасы**



**Мусалимов Т.К.**

**Диссертациялық кеңестің  
ғалым-хатшысы**



**Есекешова М.Д.**

Мусалимов Т.К. және Есекешова М.Д.  
қолдарын растаймын:



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық  
университетінің Ғалым хатшысы



**Деріпсалдина Г.М.**

## ЖОБА

### Білім беру, психология және когнитивтік ғылымдар бойынша Сараптау кеңесінің қорытындысы

2022 ж. «15» тамыз

№ 8 хаттама

Тындалды: 6D012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша «Дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертацияны қорғау негізінде докторант **Парманкулова Перизат Жаксылыковнаға** философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы қолдауhat бойынша 2022 жылғы «28» маусымда (№ 10 хаттама) «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті жанындағы диссертациялық кеңестің шешімі туралы № PhD 9975-08.07.2022 іс.

Сарапшы XXXXXXXXXXXXXXXX тындал және істің материалдарын талқылап, Сараптау кеңесі мынаны белгілейді:

1. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында іске асырылатын ғылыми дамудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауы аясында қарастырады.

2. Диссертацияны өзі жазу қағидатының сақталуы. Докторант зерттеу мәселесінің әдіснамалық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау барысында дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделін көрсеткен. Эксперименттерді жүргізгені, алынған нәтижелерді талдап, өндеп, дуальды білім беру жүйесінде инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың жүйелілік, әрекеттілік, аксиологиялық, тұлғага бағдарлылық, синергетикалық, құзыреттілік тұғырлары мен ізгіліктік, әлеуметтік бейімделу, синергетикалық, жеке тұлғалық, теорияның практикамен байланысы қағидаларын қамтуы докторанттың өзі жазу қағидатының сақтағандығын көрсетеді.

3. Диссертацияда ішкі бірлік қағидатының сақталуы. Диссертацияның 2 (екі) бөліміндегі тақырыптардың ашылуы диссертацияның ішкі бірлік қағидатының сақталғандығын көрсетеді. Дегенмен, «кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негізделуі мен дуальды білім беру жүйесіндегі инклузивті оқытудың теориясы мен әдіснамасын толықтыруды қажет етеді. Сонымен қатар, инклузивті білім беруді дамытуда Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы ұсынған әдістемелік құралдар мен ұсынымдар тізіміне сілтемелер қойылмаган (34-35 беттер).

Дуальды білім беру мәселелерін зерделеген диссертациялық жұмыстар (кесте-6; 50-51 беттер) мен КР БФМ Ғылым комитеті қаржыландырған дуальды білім беру бойынша гранттық ғылыми жобалар (52-53 беттер),

инклюзивті білім беру мәселелерін зерделеген диссертациялық жұмыстар (кесте 7; 53-55 беттер), КР БFM Ғылым комитеті қаржыландырған инклюзивті білім беру бойынша гранттық ғылыми жобалар (56-57 беттер) тізімдерінің жасалу себебі көрсетілмеген, «кәсіптік оқыту» мамандығына сәйкес талдау жасалынып, авторлық тұжырым берілмеген.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мотивациялық-күндыштықтық, танымдық, іс-әрекеттік, өлшемдік компонент бойынша талданған.

4. Диссертацияда ғылыми жаңашылдық қағидатының сақталуы, негізгі ғылыми нәтижелері. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды теориялық түрғыда негіздеу және оқу-әдістемелік кешенін ұсыну, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелдеу мақсатына сәйкес келесідей ғылыми жаңашылдық қағидаттары сақталады:

- дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталған;

- дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі әзірленген;

- болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалған;

- дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістері мен формалары айқындалған, оқу-әдістемелік кешені ұсынылған және оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент жүзінде тексерістен өткізген.

5. Диссертацияда дәйектілік принципінің сақталуы. Диссертацияда болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлық деңгейін диагностикалауы, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың формалары мен әдістерінің жүйелі ұсынылғаны, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижесінде тексеруден өткізуі және тәжірибелең ендіруі дәйектілік принципінің сақталғандығын көрсетеді.

6. Диссертацияда практикалық күндыштық принципінің сақталуы. Диссертацияның **практикалық** немесе теориялық мәні бар (керектісін сыйы қажет).

Диссертацияның тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қожа Ахмет Яссави атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеттерінде өткізіліп, оқу процесіне енгізілген;

7М01450 - Кәсіптік оқыту мамандығына арналған білім беру бағдарламасы, «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» элективті курсы, «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу-әдістемелік кешені, 5B012000 - Кәсіптік оқыту мамандығына арналған «Дуальды оқыту жүйесінде оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы, «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі

тұлғаны кәсіби даярлау» оқу құралы, «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» электрондық окулығы ұсынылған.

7. Диссертацияда академиялық адалдық қағидатының сақталуы, диссертацияда авторы мен дереккөзі көрсетілмеген бөтен материалдың (плагиат) болуы Жок  
(бар немесе жок)

Плагиат болған жағдайда пайдаланған дереккөзі көрсетілген салыстырмалы кесте қоса беріледі.

8. Жарияланымдар толықтығының сәйкестігі:

диссертация тақырыбы бойынша:

барлығы ғылыми еңбек 29;

оның ішінде:

Басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда 5 ;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) ақпараттық компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторға ие немесе индекстегетін халықаралық рецензияланатын журналдарда - ;

Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін 1:

- *Dual education the conditions for pedagogical bases of specialists inclusive training // Cypriot Journal of Educational Sciences, -2022. -Vol. 17, № 3. -P. 765-771.*

Процентиль 36;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) компаниясының деректер базасына енгізілген шетелдік патенттер - ;

басқа жарияланымдар 23 жарияланды.

Жарияланымдар Қағидалардың б-тармағына Сәйкес келеді  
(сәйкес келеді/келмейді)

9. Аттестациялық іс материалдарының Қағидалар талаптарына сәйкестігі:  
Сәйкес.

Рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіз болу қағидатының сақталуы: Сақталған.

Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге сәйкес қорғау рәсімінің сақталуы: Сақталған

10. Диссертациялық кеңеске ескертулер: Диссертациялық жұмыстың мазмұнына кәсіптік оқыту мамандығының бағыттары бойынша әдіснамалық және әдістемелік негізделуіне мән берілуі қажет.

11. Саралтау кеңесінің шешімі (тармақшалардың біреуі толтырылады):

3) Саралтау кеңесінің қорытындысы – докторант Парманкулова Перизат Жаксылыковнаның диссертациясы мыналарды жөндеу үшін пысықтауға жіберілсін:

- Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша инклузивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды теориялық-әдіснамалық негіздеу;

- Даульды білім беру жүйесіндегі инклузивті оқытудың теориясы мен әдіснамасын толықтыру;

- Инклюзивті білім беруді дамытуда Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық Білім академиясы ұсынған әдістемелік құралдар мен ұсынымдар тізіміне сілтемелер қою;

- Даульды білім беру мәселелерін зерделеген диссертациялық жұмыстар мен ҚР БФМ Ғылым комитеті қаржыландырған даульды білім беру бойынша гранттық ғылыми жобалар, инклюзивті білім беру мәселелерін зерделеген диссертациялық жұмыстар, ҚР БФМ Ғылым комитеті қаржыландырған инклюзивті білім беру бойынша гранттық ғылыми жобалар тізімінің жасалу себебін көрсету және «кәсіптік оқыту» мамандығына сәйкес талдау жасау, авторлық тұжырым беру.

Дауыс беру нәтижелері: «жақтап» дауыс бергені - 5

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалғаны» - жоқ